

## Диссертациялық кеңестің 2019 жылғы жұмысы туралы ЕСЕП

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті жанындағы 8D011 Педагогика және психология (6D010300–Педагогика және психология мамандығы); 8D013 Пәндік мамандырылмаған мұғалімдерді даярлау (6D010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы) бағыттары бойынша біріккен диссертациялық кеңес

### **1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде Диссертациялық кеңестің 2 мәжілісі өтті.

**2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кеміне қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болғанжағдайда) - жоқ.**

### **3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.**

1. Байұлов Гани Бекхожаевич-Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

2. Сапарқызы Жаннат - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

### **4. Есепті жылы кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау: Байұлов Гани Бекхожаевич**

*Диссертация тақырыбы:* Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасуы мен дамуы.

*Мамандық:* 8D011 (6D010300)-Педагогика және психология

*Ғылыми кеңесшілері:* Ш.М.Майгельдиева, п.ғ.д., Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессор м.а.;

С.М.Каргапольцев, п.ғ.д., Орынбор мемлекеттік университетінің профессоры (Орынбор қ., Ресей).

*Диссертация* 28.06.2019ж. күні қорғалды. Қорғау тілі – қазақша.

Қазіргі таңда ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет пен тарихымыздың дамып, өркендеуі, халқымыздың рухани бай мұрасын және салт-дәстүрлерін қастерлеу - еліміздің дүниежүзілік өркениеттегі егемендігін, дербестігін дәлелдейді. Осы тұрғыдан елдің өркендеуі жоғары білім беру жүйесін, оның мазмұны мен құрылымын жаңартуға сүйенеді. Сол себептен қазіргі уақытта болашақ педагогтарға кәсіби білім мен тәрбие беру ісі ерекше маңызды болып отыр. Болашақ педагогтарды даярлау барысында олардың жоғары кәсіби құзыреттілігі, бәсекеге қабілеттілігі, мәдениетінің жоғары болуы - бұл білім беру саласының негізгі әлеуметтік-экономикалық бағыттарының бірі. Бұл бағытта Тәуелсіз Қазақстанда музыкалық білімін зерттеу - педагогикалық ғылымның қазіргі қажеттіліктерінің бірі. Зерттеу тақырыбын таңдаудың өзектілігі Тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі музыкалық білімнің



қалыптасуы мен дамуы мәселесінің әлі де ғылыми тұрғыдан зерттелмегендігімен және болашақта қазақстандық музыкалық білімнің даму тарихын жазу қажеттілігімен, сондай-ақ, Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің жалпы білім жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде зерттелуі мен оның аксиологиялық потенциалын пайдаланбауымен және оның жастарға музыкалық-білім берудің пәрменді құралы болып табылатын арасындағы қарама-қайшылықтармен айқындалады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы келесі аспектілермен анықталады:

- Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасып дамуына ықпал еткен саяси, тарихи-әлеуметтік факторларға ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан сипаттама берілді;

- Тәуелсіз Қазақстанда музыка білімінің даму кезеңдері мен ерекшеліктері анықталды;

- Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің аксиологиялық негіздері айқындалды;

- Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білім берудің мазмұнын жүйелеу, оны жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне ендірудің жолдарын эксперименттік байқаудан өткізіп, нәтижесіненгізілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы «Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің мазмұны» атты элективті курс бағдарламасы жасалынып, оқу жоспарының таңдау пәні компонентіне ұсынылғанымен айқындалды; зерттеу нәтижелерін «Білім» тобы мамандықтары (оның ішінде «Музыкалық білім») білім алушыларына «Педагогика», «Педагогика тарихы», «Қазақ музыка тарихы», «Қазақ музыка әдебиеті», «Музыкалық педагогика», «Музыкалық психология» т.б. пәндерін оқытуда және жоғары оқу орнындарында, педагогикалық колледждерде және педагогикалық мамандардың біліктіліктерін жоғарылату институты тәжірибелерінде пайдалануға болады.

### **Сапарқызы Жаннат**

*Диссертация тақырыбы:* «Влияние здоровьесберегающих технологий обучения на совершенствование умственной деятельности студентов» / **Студенттердің ақыл-ой іс-әрекетін жетілдіруге денсаулық сақтау технологиясын оқытудың әсері**

*Мамандық:* 8D011 (6D010300) – Педагогика және психология

*Ғылыми кеңесшілері:* Ш.М. Майгельдиева, п.ғ.д., Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессор м.а.;

А.Ж. Аяганова, п.с.ғ.к., Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясының Қызылорда облысы бойынша филиалының доценті (Қызылорда қ., Қазақстан);

Л.В. Зубова, п.с.ғ.д., Орынбор мемлекеттік университетінің профессоры (Орынбор қ., Ресей).

*Диссертация* 28.06.2019ж. күні қорғалды. Қорғау тілі – орыс.



Зерттеудің өзектілігі ең алдымен жас ұрпақтың денсаулығын сақтауға бағытталған қоғамның әлеуметтік тапсырысымен түсіндіріледі. Салауатты өмір салтының маңыздылығын және оны қалыптастыру қажеттілігін ұсына отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі осы мәселені «Қазақстан Республикасы 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы», 2011-2015 жылдарға «Салауатты Қазақстан» бағдарламасы, Қазақстан Республикасының «Азаматтардың денсаулығын қорғау туралы» заңы, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды дамытудың «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы, яғни Қазақстандық азаматтардың оның ішінде студенттердің де денсаулығын сақтау мен нығайтудың негізгі жолдарын болжаушы және анықтаушы мемлекеттік құжаттарда көрсете білді. Сонымен қатар, зерттеудің өзектілігі, біріншіден, жалпыға бірдей білім беру парадигмасының салауатты өмір салтын негіздей отырып, өз денсаулығын білуге және бағалауға қажетті дағдыларды, көзқарастар мен қатынастарды қалыптастыруды қамтамасыз ететін, денсаулықты сақтау мен нығайтуға, инновациялық технологияларды кеңінен енгізуге ауысумен, оның құндылықтарын қабылдау және сау адамның дұрыс мінез-құлқының дамуына ықпал етуімен, және, екіншіден, студенттердің денсаулығын сақтау үшін оңтайлы жағдайлар жасау қажеттілігі мен оқу үдерісінде олардың денсаулығын сақтау қажеттілігі мен осы үдерісті ұйымдастырудың жүйелік негіздемесінің, мазмұнды және технологиялық аспектілерін ашатын арнайы ғылыми-әдістемелік әдебиеттердің болмауы арасындағы қарама-қайшылықтармен дәлелденеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық маңыздылығы:

- «ақыл-ой іс-әрекеті», «ақыл-ой жұмыс қабілеттілігі», «ақыл-ой іс-әрекетін жетілдіру», «денсаулық сақтау технологиялары» ұғымдарының мәні ашылды және теориялық тұрғыдан негізделді;
- оқытудың денсаулық сақтау технологияларын қолдану негізінде студенттердің ақыл-ой іс-әрекетін жетілдіру критерийлері мен көрсеткіштері теориялық тұрғыдан негізделіп, оның құрылымдық-компоненттік моделі әзірленді;
- жүйелі тәсіл негізінде студенттердің ақыл-ой іс-әрекетін жетілдіруге денсаулық сақтау технологияларының ықпалының психологиялық-педагогикалық жағдайлар кешені анықталды және олардың негізінде осы мәселе бойынша оқытушылардың біліктілігін арттыру курсы мен студенттердің оқыту үдерісіне элективті курсты енгізу арқылы олардың денсаулығын сақтауды қалыптастыру жүйесі жасалынды;
- оқытудың денсаулық сақтау технологияларын қолдану арқылы студенттердің ақыл-ой іс-әрекетін жетілдіру мақсатында оқытушылардың біліктілігін арттыру курсы мен студенттерге арналған элективті курс бағдарламаларының және әзірленген моделінің тиімділігі эксперименттік тұрғыдан дәлелденді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы теориялық тұжырымдар мен ғылыми-әдістемелік ұсынымдар денсаулық сақтауды қалыптастыру мәселелерін шешу аспектісінде студенттердің ақыл-ой қызметін жетілдіру мәселесін тиімді шешуге ықпал етеді. Әзірленген әдістеме мен алынған



зерттеу нәтижелері болашақ педагог-бакалаврларды дайындау тәжірибесінде, мектеп мұғалімдері мен ЖОО оқытушыларының біліктілігін арттыру жүйесінде, сондай-ақ сауықтыру қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу кезінде және т. б. пайдаланылуы мүмкін.

#### **5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).**

Рецензент болуына педагогика мен психология саласына үлес қосқан ғалымдар мақұлданған, Барлық рецензенттер докторлық жұмыстарға жоғары кәсіби тұрғыдан сараптама жасады.

Диссертация рецензенттері туралы ақпарат:

*Г.Б. Байұловтың диссертациясына:*

- Алметов Негматжан Шадиметович педагогика ғылымдарының докторы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Жалпы педагогика және музыкалық білім» кафедрасының, мамандық 13.00.01: Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика.

- Ибраева Камарсулу Ершатовна – педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Музыкалық білім және хореография» кафедрасының меңгерушісі, мамандығы 13.00.08. - Кәсіби білім беру теориясы мен әдістемесі.

*Ж. Сапарқызының диссертациясына:*

- Торыбаева Джамиля Захановна - педагогика ғылымдарының докторы, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті «Педагогика және психология» кафедрасының профессоры, мамандығы 13.00.01. - Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика.

- Турдалиева Шолпан Турсумбаевна - психология ғылымдарының кандидаты, Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті «Арнайы педагогика» кафедрасының доценті, 19.00.01. - Жалпы психология, тұлға психологиясы, психология тарихы, этнопсихология.

#### **6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.**

Диссертацияларды сапалы талқылау мақсатында университетте кафедра тарапынан диссертация жұмысына рецензент болған оқытушыларға және диссертациялық кеңестің төрағасы, ғылыми хатшысы және мүшелеріне тиісті ақы төлеу үшін оқу жүктемесінің нормаларын қарастыру қажет.

#### **7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелеріне ізденушілердің мамандықтар (кадрларды даярлау бағыты) бойынша қаралған диссертациялары туралы деректер:**

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарынан) – 2.

- 2) қорғадан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖООдокторанттарының) – жоқ.
- 3) ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖООдокторанттарының) – жоқ.
- 4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖООдокторанттарының) – жоқ.

Диссертациялық кеңестің төрайымы  Майгельдиева Ш.М.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы  Бекжанова Б.Ж.

« 27 » \_\_\_\_\_ 12 \_\_\_\_\_ 2019 ЖЫЛ



*с/и*

